

TACC, 08.06.2016



"Білім мен ғылым - Ресейдің болашағы" атты Біріккен Ресейдің Жаңасібір форумында Білім және ғылым министрі Дмитрий Ливанов өз баяндамасында мектепте мұғалімдердің кадрлық өсімінің жүйесін кеңейтілетіні туралы хабарлады. Оның пікірі бойынша, «мұғалім» мектептегі лауазымдар тізіміндегі жалғыз деңгейі болмауы керек. Оған "аға мұғалім" және "жетекші мұғалім" лауазымдарын қосу керек.

Министрдің айтуы бойынша, бұндай қадамдар жас мамандарды ынталандыруға, сонымен қатар олардың кәсіптік дамуының келешегін ұсынуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жаңа лауазымдарға тағайындалатын үміткерлерге арналған талаптарды әзірлеу мәселесі талқылануда.

Сонымен қатар, Ливанов мұғалімнің кәсіби стандартын енгізуді кейінге қалдыру мүмкіндігі туралы да хабарлады. Мұғалімінің кәсіби стандарты бекітілді, бірақ жүзеге асырылмады, өйткені мектептер бұған әлі толық дайын емес. Дегенмен, қазірдің өзінде-ақ жаңа кәсіби стандарттың негізінде мұғалімдерді педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіптік даярлау бағдарламалары әзірленді.

---